

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзара көмек қатынастарынан туындайтын келісім-шарттар

Ә.Қ. Бердібаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзара көмек қатынастарынан туындайтын шарттардың нысандары мен түрлері қарастырылады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында келісім-шарттық қатынастардың негіздері көп жағдайда өзара көмек жүйесінен туындап жатады. Сондықтан да, біз мұндай келісім-шарттарды қарау барысында жалпы өзара көмек жүйесінің де теориялық мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзара көмек жүйесін зерттеген ғалымдардың Д.А. Турсынқұлова өзінің еңбегінде өзара көмектің мәнін былай түсіндіреді: “Қазақ қоғамының саяси құқықтық болмысын айқындайтын ежелгі дәуірлерден келе жатқан құрылымдық жүйелер көп. Солардың қатарына көшпелі қазақ қоғамындағы өзара көмек (ағайынгершілік) қатынастар жүйесін жатқызамыз. Қазақ халқы еш уақытта туған-туысын, ағайынын, жақынын жауға бермеген. Қысыл-таяң сәттерде қолынан келген барлық көмекті аямаған. Сондай құрылымдық жүйенің бірі, өзара көмек институты болып табылады. Өзара көмек жүйесі Қазақстан аумағында есте жоқ ескі замандардан бері, қалыптасып, тамыр үзбей дамып келе жатыр. Көшпелі қазақ жұртындағы өзара көмек қатынастарының құқықтық сипатын, оның ішкі мәнін ашып саралау үшін сол қоғамдағы құқықтық жүйенің бітім-болмысын тануы қажет. Шартты түрде алып қарағанда ХУ-ХІІІ ғасырлар аралығында қазақ қоғамында, өзінің сипаты бөлек, ұстанымдары ерекше құқықтық жүйе дамып толастады. Бұл кезеңдегі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйе соңғы кезде ғалымдар тарапынан, қазақ қоғамының алтын ғасырының көрінісі ретінде бағаланып жүр. Шын мәнінде, оның қоғамдағы роліне терең мән беретін болсақ, осы кезең аралығы дәстүрлі қазақ қоғамының адами принциптерге сүйенген, классикалық үлгісін қалыптастырды” [1, 10

б.]. Бұл оймен келісе отыра, біз дәстүрлі қазақ қоғамында өзара көмек жүйесі рулық, қауымдық санаға негізделген, қазіргі тімен айтқанда әлеуметтік мемлекеттің негізін құрайтын ерекше жүйе болып табылады.

Өзара көмек жүйесін, оның құрылымдық элементтерін әрине былай қарағанда, қазіргі түсініктегі келісім-шарттың аясына сыйғыза қою ерсі де көрінуі мүмкін. Бірақ та, біздің ойымызша, бұл көп жағдайда өзінің міндеткерлік сипатымен ерекшеленетін және соны негіз тұтатын институт болып табылады. Өзара көмек жүйесі келісім – шарттық қатынастарды тудырады, әрі оның бастауы да бола алады. Сондықтан да, біз мәселенің осы қырын негізге ала отыра, жұмысымызда тарауша белгілеп, қарастырдық.

Өзара көмек жүйесінің негізін құрайтын құрылымдық жүйе тамырлық болып табылады. Тамырлық бірімен бірі қандық туыстықта болмайтын достас адамдардың арасында қалыптасатын келісімнің түрі. Мұнда тамыр болатын адамдар өзара қиыншылықта бір-біріне көмектесуді мойнына алады. Тамыр талабын бұзғаны үшін билердің алдында жауапкершілікке тартылып, құн тартатын кездерді тарихтан көптеп кездестіреміз.

Тамырлық – бір-біріне берілетін сыйлыққа негізделген достық. Егер тараптардың бірі екіншісінің сыйлығына жауап бермесе, билер сотына жүгінуге құқылы болған. Ғылыми еңбектерде тамырлықтың 3 түрі ажыратылып көрсетіледі:

1) Дос тамыр – бұл бір-біріне сыйлық беруге негізделген атадан балаға қалып отыратын достық. Дос тамырлардың балаларын ата-тамыр деп атайтын;

2) ауыз-тамыр – ауызша достық;

3) сүйек тамыр [2, с.124]. Тамырлық екі тараптың қатынасы. Тамырлыққа келіскенде екі тарап өзара міндеттер мен құқықтарға да ие болады. Тамырлық шарты бұзылғанда дау туып, былайша айтқанда талаптық іске айналып кетіп отырады. Л. Баллюзек бұл мәселені былай атап көрсетеді: “К разряду исковых дел следует отнести споры по так называемому тамырству-и еще-бата-оку-аза-салу.

Тамырством называется у киргизов дружба двух лиц основанная на взаимных подарках их друг другу по очереди, сначала одним, потом другим, и держащаяся всегда исключительно этими подарками без особенных внутренних симпатий друг к другу. Поэтому как скоро нет с которой-либо стороны очередного подарка, узел дружбы разрывается и друзья ссорятся из-за перешедшего тому или другому из них с которой либо стороны излишка.

Предварительно правил решения спора между этими друзьями называющимися тамырами, необходимо заметить, что тамырство состоит в назначении подарка не по усмотрению того, кто дарит, а по выбору и усмотрению одаряемого-какой выбор по усмотрению называется кулка-салу, а самый подарок кулкою.

На этой особенности тамырства основано и решение происшедшего между тамырами спора, т.е. если по расчету и по соображению всех временных между ними подарков окажется равное число кулки с обеих сторон, то спор признается затеянным, хоты-бы кулка одной стороны по качеству и ценности и была-бы дороже таковой же с другой стороны; ибо отдать другу более ценный, а выбрать себе менее ценный подарок, зависит совершенно от личного произвола каждого. Следовательно совершенно справедливо считать их удовлетворенными не по качеству, а по количеству кулки. Рассчитав таким образом друзей, надлежит предоставить им продолжить или прервать существовавшее между ними тамырство-при чем если они изъявят согласие на первое, то право следующей кулки считается за тем, за кем остановилась ее очередь.

Если же при расчете выйдет перешедший на чью-либо сторону излишек в кулке, то тамыр, на стороне которого найден ж этот излишек, обязан он и возратить, или в случае желания продолжать прежние отношения с другом, обязан сделать первый подарок бата-оку-аза-салу есть тоже

взаимная обязанность друзей и сватьев, заключающаяся в явке каждого из них в случае смерти того или иного другого для прочтения молитвы за упокой души умершего, с приводом на этот случай нескольких голов скота, называющегося азою

Если один из друзей или сватьев в отношении азы исполнил уже свой долг, то и другой обязан в свою очередь исполнить этот долг и вести азу в случае смерти какого-либо из родных первого. В противном случае он признается перед виноватым, а потому уговаривается обычаями к тому, чтобы отправился к другу или свату с должною азою, либо возвратил то количество скота, который получен был азу им самим прежде” [3, с. 280-281]. Осы айтылған жағдайлардың барлығы біздің ойымызша, тамырлықты келісім-шарттар деңгейінде бағалауға жол ашады. Қарап отырса, тамырлық өзара көмектің бір түрі болуымен қатар, екінші қырынан келісім-шарттық да астары бар.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзара көмек институтының дамыған нысандарының біріне жылу мен жұртшылық жатады. Жылу ежелгі дәуірлерден келе жатқан өзара көмектің бір түрі. Оған мынандай түсінік беріледі: “Обычай жылу устанавливал для членов родовой и аульной общины обязанность оказывать помощь родичу скотом в случае джута или какого-либо другого стихийного бедствия, следствием которого являлась потеря скота. Родич, отказавший в такой помощи, терял право на ее получение сам, если наступала в ней необходимость” [4, с. 69]. Жылуды кейбір еңбектерде негізінен былай ашып көрсетеді: “Жылу – жәрдем. Қазақ арасындағы өзара көмектің осы бір түрі тым ерте кездегі рулық қауым құрылысынан бері келе жатқан әдет-ғұрыптарға жатады. Бұл әдет-ғұрып бойынша: табиғи апатқа-жұтқа, өртке, селге тағы басқа да дүлей күш кесіріне кенеттен кездесіп, мал-мүлкінен, баспанасынан айырылып, күн көрісі қиынға соққан адам өзінің туыстары мен руластарынан жылу – жәрдем сұрайды. Бұған ағайынтуғандары мен руластары түгел көмектесіп, жылу-жәрдем жинап жинап береді, одан ешкім де бас тартпайды. Жылу беруден кімде-кім бас тартса, өз басына осындай күн туғанда мұндай көмектен мақұрым қалады және жалпы жұрт келесін бұзғандығы үшін жек көрінішті болады.

Кездейсоқ адамдар да, өзінің туыстары мен

руластарынан осы борышты өтеуді талап етеді. бұл да “жұртшылық жәрдемі” деп аталады.

Қолының қысқалығынан үйленуге шама-сы келмеген адамдарға да, ағайын-туғандары “қалыңмалға” көмек көрсетеді. Қазақтың байырғы салты бойынша, мүлде панасыз қалған жетім-жесірлерді және қарайтын адамы жоқ, салт бас қарттар мен мүгедектерді ағайын-туғандары яки руластары асырап, бағып-қағуға міндетті болған. Халық бұқарасы ішінде мұндай көмектің өмір сүруі қазақ қоғамында қайыршылардың болмауына игі әсер етіп отырды” [4, 387-388 бб.]. Жылумен қатар, жұртшылықтың да өзіндік ерекшеліктері бар. Жылу және жұртшылық көбінесе дәстүрлі қазақ қоғамында кедей топтың немесе жұтқа ұшыраған адамдардың еңсесін көтеріп, шаруашылығын жолға қою үшін қолданылған. Мәселен, “Обычаями жылу, жұртшылық широко пользовались богатые скотовладельцы. Они оказывали помощь обедневшим шаруа и даже целым аулам скотом, за что привлекали их к бесплатному труду в своем большом хозяйстве. Особенно широко использовался ими обычай асар, так как бедного и даже среднего достатка шаруа-скотовода этот обычай совершенно не интересовал в своем хозяйстве такой шаруа мог справиться всегда сам вместе со своей семьей. Но бии, аксакалы, не говоря уже о султанах, в случаях стихийных бедствий, падежа сота, при уплатах долгов (например, куна) широко использовали обычаи родовой помощи, обирая своих сородичей, стремясь восстановить свое хозяйство за счет трудящихся подвластных им общин или просто почти бесплатно заставляя их работать в своем обширном хозяйстве” [4, с. 69-70]. Қазақ арасындағы өзара көмектің осы бір түрі тым ерте кездегі рулық қауым құрылысынан бері келе жатқан, орта ғасыр кезеңінде ептеп өзгеріске ұшыраған әдет-ғұрып заңының бір тармағына жатады. Бұл әдет-ғұрып бойынша табиғи апатқа, жұтқа, өртке, селге тағы сол тектес дүлей табиғаттың кесіріне ұшырап, мал-мүлкінен, баспанасынан айырылып, күнкөрісі қиынға соққан адам өзінің туыстары мен руластарынан жылу-жәрдем сұрайды. Бұған ағайын-туғандары мен руластары түгел көмектесіп, жылу-жәрдем жинап береді. Одан ешкім де бас тартпайды. Егер бұл науқаннан кімде-кім бас тартса өз басына осындай күн туғанда мұндай көмектен мақұрым қалады және жалпы жұрт келесін бұзғандығы үшін жек көрінішті бола-

ды” [5, 383 б.] Кейбір еңбектерде жылуды есте жоқ ескі замандағы алаштан тартып өрбітетін жағдайларда кездеседі. Жұртшылық пен жылуды кейде сый-құрмет көрсетудің бір түрі ретінде бағалайтын жағдайлар да болған. С.Е. Толыбеков кезінде жылу мен жұртшылықты дәл осылай былай деп бағалады: “Третьим видом добровольных подарков является жлу или журтшылык. Его выдавали пострадавшему от грабежа или разорившемуся от стихийных бедствии. Например: “Когда при преследовании его (Кенесары Касымова) царскими отрядами вынужден был бросит до двух тысяч собственных баранов, то для возмещения этого убытка собрал насильно с приверженцев своих по нескольку баранов”. Обычно вопрос об организации жылу с определением размера взимаемого взноса с каждого хозяйства решался на совете родоправителей или аксакалов. Отказавшихся от внесения принуждали к уплате, ссылаясь на случаи у предков взаимного жылу или угрожая отсечь им подол в знак исключения из числа добрых людей. Таким образом, вымогательство подарков было одним из видов патриархально-феодальной эксплуатации” [6, с. 357]. Бұл кеңестік дәуірдің соқыр саясатының белгісі деп есептейміз.

Осы жерде біз келісім-шарттық мәмілелік қатынастардың теориялық тағы бір қырына көңіл бөлетін болсақ, кейінгі зерттеп жүрген ғалымдар да, келісім-шарттық қатынастарды мәміленің негізінен туатын отбасы және некеге байланысты міндеткерліктен туатын дей келе, мәміле жасаудың мәні былай деп есептейді: “Мәміленің жеке шарттары негізінен мәміле жасаушылардың құқықтық қабілеттігі және құқықтық қабілетсіздігіне назар аударған. Кез – келген міндеттеме құқығы мәмілесіз жүзеге аспайды. Мәмілеге мынандай белгілер тән: а) тұлғаның ерік, тілек, ниет білдіруі; б) құқыққа сәйкес әркет ету, яғни әдет-ғұрып заң нормаларына кереғар болмау; в) екі аралық мәміле қатынастың пайда болуы; г) құқықтық салдарға ие болуы. Ең бастысы екі жақтың келісімі, еркі болып, ол ауызекі түрде не болмаса жазбаша түрде көрініс табуы тиіс. Бұл куәлер қатысуы не болмаса екі тарабы қол қоюы арқылы жасалады.

Көшпелі қазақ қоғамында мәміле жасау, мәмілесу көбінесе ауызекі түрде болған мәміле бір жақты немесе екі болмаса көп жақты, ақылы және ақысыз, нақты не болмаса консенсуалды, казуалды немесе абстрактылы, шартпен

жасалған болуы мүмкін. Қазіргі кезде мәміленің түрлері көп, әрі басқа да түрлері пайда болуына талас жоқ. Өйткені, әлемдік қарым-қатынастың күшейе түсуі мәміле түрлерін көбейте берері хақ.

Мәміле жасалған, яғни келісілген кезден бастап екі тарапқа міндеттеме құқығы тиісті болып, ондағы көрсетілген іс-әрекеттер орындалуға жатады. Мәміле негізінен кәмететке толған, ақыл-есі бүтін, өзін-өзі толық игере алатын, құқық қабілеттігі болуын талап етеді. Әрекет қабілетсіздігі, яғни психалық ауыру болуы мәмілені жарамсыз етеді. Сол секілді мәміле зорлап, мәжбүрлеп не қорқытып не алдап жасалынған болса, ол да жарамсыз деп саналады.

Қазақ халқының міндеттеме құқығы әлі күнге жан-жақты зерттелініп, азаматтық құқықтық зерттеу пәніне айнала қойған жоқ. Міндеттеме құқықтары тарихымыздың бөлінбес бөлшегі болып табылатынына қарамастан, тәжірибелік саяси мәні жоғары екеніне мән бермей келеміз. Оның да себептері бар. Өйткені, қазақ қоғамындағы міндеттеме құқықтар көбінесе ауызекі жасалынды әрі көптеген жағдайларға тәуелді болып келді. Қазақ хандығы өрлеп тұрғанда жасалынған: “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” және Тәуке ханның “Жеті жарғысы” секілді құқықтық ескерткіштерде міндеттеме құқықтары көп әңгіме етілмегенмен, ол жайлы ешкім зерттеп, тұжырымдар айта қойғаны жоқ.

Сонымен мәміленің басты мақсаты азаматтық құқықтық қатынас орнату негізінде екі жаққа да жауапкершілік жүктейтін құқықтық қатынас жасау. Көшпелі қоғамда міндеттеме құқығының көрінісі өте көп, өмір салаларының кез-келген тұстарында кездеседі. Мысалы, отбасы құқығындағы екі ерлі-зайыптының некелесуінен бастап, бала табу, өсіру, ата-ананы асырап бағу, отанды қорғау, әдет-ғұрыпты орындау, мәмілелерге опа ету, уәдені екі етпеу, т.б. болып көрініс таба береді” [7, 139 б.]. Әрине, біздің ойымызша Қ.С. Иманбаевтың бұл беріп отырған сипаттамасы, қазіргі кезеңдегі келісім-шарттың түсінігінен және міндеттеменің негізінен туындап отыр. Бұл жерде ғалым дәстүрлі қазақ қоғамындағы келісім-шарттық қатынастардың мәніне терең бойламағандығын көрсетеді.

Осы жерде тағы бір айтып кететін мәселе, жылудың берілу тәртібі былай болып табылады: “Әр түрлі табиғи апат (жұт, өрт т.б.) салдарынан мал мен дүниесінен айырылып, күн – көруі қиындап кеткен адамдар қазақ баласынан жылу

жинауға хақылы. Жылуды ел болып та, жеке дам болып та жинайды, қандай да түрі болмасын жылу жинау туралы шешімді ел басшылары мен билердің келісімімен алады.

Егер апат бір адамға, бір ата баласына ғана келген болса, рулы ел өз бетімен-ақ көмектесіп, жұтаған адамдарға қарайласады. Ал жоқшылық тұтас руға келсе, онда амалдың жоқтығынан өзге елдерге барып өтініш жасауға тура келеді. Ел билері көрші алыс-жақын елдердің басшыларынан жылу жинау келісімін алады. Кей жағдайларда өз сыйлауларына қарай (құда-жекжат т.б.) көрші рулар өз бетімен көмек көрсетеді.

Қазақ ішінде жылуды кез-келген дәулетті қазақтан сұрау айып болып табылмайды (егер шын жұтап отырса). Жағдайы келіп отырған адам нашарға деп жылу беру тәңірі алдындағы іс болып табылады. Егер жылу жинаушы (адам не ру) өзінің берекесіздігінен, жағымсыздығынан, не өз дәулетсіздігінен ағайыннан көмек ала алмай өзге елде жүрсе, айыпалады “өз ағасын ағаламаған, өзгенің ағасын жағалайды” [8, 111 б.]. Ал жұртшылық болса, “... қарызға батқан, қарызын төлей алмай қалған қоғам мүшесіне руластары және туыстары тарапынан малдай немесе мүліктей беретін жәрдемі. Мұндай жағдай әркімнің басына түсуі мүмкін болғандықтан көпшілік оған толықтай қатысатын” [9, 67 б.]. Міне, жылу мен жұртшылық байланысты болып табылса да, олардың арасында бірінен – бірі алшақтайтын жағдайларда кездеседі. Сондықтан да, бұлар өзара көмектің жеке-дара екі институтын құрайды.

Қазақ қоғамы негізінен көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан, қауымдық санаға негізделген қоғам мүшелерінің арасындағы да келісімдік байланыстар кеңінен дамыған. Бұған жұртшылықты жатқызуға болады. Рулы елдің бір отбасы жұтқа, қуаңшылыққа ұшырап қалғанда оған барлық ағайын туыстары міндетті түрде көмектесетін болған. Демек, жұртшылық рулы елдің құқықтық деңгейге көтерілген келісімі болып табылады. Жұртшылыққа қатыспаған аukatты ру мүшелері ел алдында қараланып, рудың ісіне араласудан шеттетілетін.

Жылу мен жұртшылықты біз негізінен келісім-шарттық сипатта қарайтынымыз, бұл ежелгі дәуірлерден келе жатқан дәстүрлі қазақ қоғамындағы руаралық, қауымдық келісімнің түрі болып табылады. Себебі, жылу мен

жұртшылыққа қатыспаған отбасылар өздерінің басына күн туғанда, мұндай көмектен айырылады. Сонымен қатар, көшпелі қоғам негізінен мал шаруашылығына негізделген, ал қазақ қоғамында жұт әр түрлі апаттар көп жағдайда кездесіп отырады. Міне, осындай апаттардың жолын бөгеу үшін өмірге келген ағайынгершілікке негізделген, руаралық келісімнің бір түрі болып табылады. Әрине, бұл жазбаша жасалып, құқықтары мен міндеттері нақтыланатын қазіргі классикалық келісім-шарт емес. Сондықтан да, бұл институттарды келісім-шарт ретінде бағалауда, оның ішкі мәніне үңіле білуіміз қажет. Сонда ғана біз бұның келісім-шарттық табиғатын танимыз.

Әдебиеттер

1. Турсынқулова Д.А Қазақ әдет құқығы бойынша өзара көмек (Асар) институты: заң ғыл. канд. дис...: 12.00.01. – Алматы, 2007. – 126 б.
2. Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр Даринской области. Ташкент, 1889. – Т. 1. – 147 с.
3. Баллюзек Л. Народные обычаи имевшие, а отчасти и ныне имеющие в малой киргизской орде силу закона // Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы: Жалын, 1998. – С. 217-299.
4. История государства и права Казахской ССР. / под общ. редакцией члена-корреспондента АН КазССР С. Сартаева. Алма-Ата: Мектеп, 1982. – Ч. 1. – 182 с.
5. Бихай С. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы, 2001. – 552 б.
6. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в ХУП-начале ХХ века. (Политико-экономический анализ). Алма-ата: Наука, АН КазССР, 1971. – 633 с.
7. Иманбаев Қ.С. Қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесіндегі міндеттеме институттары // ҚазҰҰ хабаршысы. Заң сериясы. – 2008. – №3 (47) – 139-143 бб.
8. Артыкбаев Ж.О. Жеті жарғы – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). – Алматы: Заң әдебиеті, 2003. – 150 б.
9. Маймаков Ғ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы: оқу құралы – Алматы: Ғалым, 2000. – 176 б.

А.К. Бердибаева

В данной статье рассматриваются формы и виды договоров возникающие от взаимопомощи в традиционном обществе казахов.

A.K. Berdibaeva

This article describes the forms and types of contracts arising from mutual aid in the traditional society of the Kazakhs.